

"Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3-IV шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 23/3-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 26 қаңтарда N 5-19-113 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 28/5-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010.04.16 N 28/5-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148–II Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Шемонаиха аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3–IV Шемонаиха аудандық мәслихатының шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-71 тіркелген, «Уба – Информ» газетінің 2008 жылғы 7 наурыздағы № 10 санында жарияланған), келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

«Жалпы жағдай» 1-бөлімінің 5-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Тұрғын үйді ұстау, коммуналдық және байланыс қызметтерін тұтыну төлемдеріне арналған ұйғарынды шығындардың шекті үлесі отбасының жиынтық табысының 10 % мөлшерінде белгіленеді».

«Тұрғын үй көмегін беру шарттары» 2-бөлімінің 19-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

Тұрғын үй көмегін тағайындауға үміткер отбасыларына тұрғын үй көмегін есептеу кезінде келесі шектеулер есепке алынады:

1) өтініш беруші заңды некеде, бірақ зайыбы сол мекенжай бойынша тіркелмеген жағдайда, ерлі-зайыптылардың екеулерінің де табыстары есепке алынады және тұрғын үй көмегі туралы өтініш беруші зайыбының мекенжайы бойынша тағайындалады;

2) өтініш беруші заңды некеде, бірақ зайыбының тұрғылықты жерін білмесе (

көрсетпесе) және осы мәселе бойынша құқық қорғау органдарына өтініш бермеген болса, тұрғын үй көмегі тағайындалмайды;

3) өтініш берушінің үйінде 18 жасқа дейінгі бала тіркелген болса, оның ата-анасы басқа мекенжайда тіркелсе, өтініш беруші баланың ата-анасының табыстары туралы анықтаманы ұсынады.

«Кондоминиум объектілерінің ортақ мүліктеріне күрделі жөндеу жұмыстарының шығындарын өтеу тәртібі» 8-бөлімінің 3-тармақшасындағы «ортақ» деген сөзден кейін «мүлігі» деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

С. Буднецкая

мәслихатының хатшысы

Ш е м о н а и х а а у д а н д ы қ
Ә. Баяндинов